



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

27 қыркүйек
сейсенбі
№77 (1881)
2022 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

■ БҮЛ ЖОЛДАУДА АЙТЫЛҒАН

Қыркүйектегі Президент
Жолдауында айтылған
осы бір жаңалық көпшілікті
қуанышқа бөледі. Анығын
айтқанда, «Ұлттық қор –
балаларға» бағдарламасы
аясында 2024 жылдан бастап
балалардың есепшотына 18-ге
толғанша Ұлттық қордың жыл
сайынғы инвестициялық табысының
50 пайызы аударылатын болды.

Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев:
«Қаржы әр бала 18 жасқа толғанға дейін аударылып тұрады,
оны мерзімінен бұрын есепшоттан шығарып алуға болмайды.
Жинақталған қаржы балалар көмелет жасына толғаннан кейін
олардың баспана немесе білім алуына жұмсалады. Бұл қаражат
өскелең ұрпақтың үлкен өмірге қадам басуына мүмкіндік
береді. Қор, шын мәнінде, ұлттық мәртебеге не болып,
халқымыздың игілігіне қызмет етеді. Бастаманы мұқият
әзірлеу қажеттігін ескере отырып, жобаны 2024
жылдың 1 қаңтарынан бастап іске қосуды
тапсырамын», – деді Мемлекет басшысы.

Республика Президентінің баспасөз
хатшысы Руслан Желдібай «2024 жылы 18
жасқа толмаған барлық баланың атына арнаулы
шот ашылады. Олар көмелет жасына толғанша
қаржы түсіп тұрады. Шоттағы қаражат шетел
валютасында болатынын атап өткен жөн.
Сонымен қатар жинақ бойынша пайыздар
есептеледі. Бұл шаралар шоттағы қаржыны
инфляциядан қорғауға мүмкіндік береді», – деп
жазды әлеуметтік желідегі парақшасында.

Әрине, бағдарламаның жөн-жобасы енді
жасалмақ. Ең бастысы, енді әр қазақ баласының
есепшоты болатыны анық. Бұған дейін «мұндай
болмақ қайда?» деп, жерінің байлығын халық игілігіне
жұмсаған өркениетті елдердің тәжірибесі ертегідей
айтылатын. Мәселен, Біріккен араб әмірліктері, Норвегия
мемлекетіндегі ел болашағына жиналатын қор қаржысы әр
қазаққа арман еді. Енді бұл арманға қол жеткізуге бір қадам
қалғандай.

2 БЕТТЕ

18 жасқа толғанда...

Ұлттық қор игілігі балаларға арналмақ



■ ТОЛҒАНДЫРҒАН ТАҚЫРЫП

Бүгінде жастар қоғамның қозғаушы күші ретінде озық идеяларымен қаруланып, еліміздің дамып, өркендеуіне үлес
қосуда. Мақтанарлық жайт, барлық өңірде жастар белсенділігі күшейіп келеді. Жастар әлеуметтік және қоғамдық
өмірдің бел ортасынан табылып жүр.

Жастарға айрықша көңіл бөлген мемлекет табысқа жете алатыны сөзсіз. Сондықтан да елімізде жастарды жалпы
қоғамдық үдерістерге қосу мақсатында ынталандыру шаралары іске асырылуда. Жастарға жағдай жасап, қажетті
қолдау көрсету – алға қойған нақты мақсаттың бірі. «Бүгінгі заман, болашақ білімдігіе тиесілі» дейміз. Осы тұрғыда
ел сенімін ақтайтын жас ұрпақтың білім алуы мен жұмыспен қамтылуы үшін күш біріктіре жұмыс істеген жөн.
Дегенмен бізді алаңдататыны, не жұмысы, не оқуы жоқ жастар. Оларды бүгінде маргинал немесе NEET санатындағы
жастар деп айтады.

ЖАСТАРДЫ БӨЛУ ҚОҒАМДЫ БӨЛШЕКТЕУГЕ ӘКЕЛМЕЙ МЕ?

Сонымен NEET санатындағы
жастар не істеп жүр? Алдымен
«маргинал» сөзіне түсінік бере
өтсек. Бұл сөздің мағынасын білу
үшін филология ғылымдарының
кандидаты, ҚМУ профессоры Аман
Абасиловке хабарласқан едік.

– Ғылым тілінде айтсақ –
маргиналдар, қазақша айтсақ –
мәңгірттер деп аталады. Олар ара-
лықта қалып қойғандар, оларда
ешқандай қасиет жоқ деп айтуға
болады. Сонымен қатар «маргинал»
қоғамда қалыптасқан құндылықтар
мен идеяларды мойындамайтын,
оқшау адам және өзіндік пікірі жоқ»
деген де түсінік бар.



Бүгінде маргинал жастар деген сөз қалыптасты. Жастарға бағытталып
айтылған сөздің де мағынасын осылай ашып айтуға болады. Яғни
олар алдарына мақсат қоя алмайды. Қолы бос, уақыты көп. Әркімнің
сөзіне еріп жүре береді. «Бөлінгенді бөрі жейді», – деген мақал бекер
айтылмаған. Жастарды әр түрлі санатқа бөлгеннен ештеңе ұтпаймыз.
Елімізде тұрақтылық болуын қаласақ, жастардың болашағын ойлаған
жөн. Сондықтан да жұмыссыз жүрген жастарды қандай да бір ортаға
бейімдеп, жұмыс істеуге ынтасын арттыру қажет. «Жұмысы жоқтық,
тамағы тоқтық, аздырар адам баласын» деген. Қоғам азбасын десек,
жастардың жұмыссыз жүруіне жол бермеген дұрыс, – дейді ғалым.

2 бетте

■ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА

Қай кезең де болсын, баспана жайы
өзекті мәселенің бірі болып қала бермек.
Оны пәтер жалдап сабылып жүргендер
мен жыл сайын үй алуға деген сұраныстың
артуынан аңғаруға болады. Елімізде бұл
мәселені шешуде бірқатар мемлекеттік
бағдарламалар жүзеге асырылуда. Соның
бірі – «Нұрлы жер» бағдарламасы.

«НҰРЛЫ ЖЕР» кімдерге тиімді?



Аталған бағдарлама бірыңғай тұрғын үй саясатын іске
асыру мақсатында қолға алынған. Соған сәйкес халықты
түрлі санат бойынша баспанамен қамтамасыз ету көзделген.
Сондай-ақ бұл бағдарлама негізінде халықтың әлеуметтік
жағынан осал тобы, көпбалалы, толық емес, мүгедек
балалары бар отбасылар мен бюджет және мемлекеттік
қызметкерлер, әскери қызметшілер қамтылған.

Жергілікті әкімдікте үй кезегінде тұрған азаматтардың
баспаналы болуы осы бағдарлама аясында жүзеге асатыны
белгілі. Оған қоса ол мемлекеттік не жергілікті әкімдіктің
бюджет есебінен салынған жана үйлерден беріледі.
Бұған дейін жұртшылық үй кезегінің жылжымайтынына
шағымданатын. Қанша жылдан бері кезекте тұрсақ та
баспана бұйырмады дегендер үшін бұл бағдарламаға
өзгеріс енгізілген. Қазіргі таңда «Нұрлы жер» тұрғын үй
мемлекеттік бағдарламасымен тек кезек реттілігімен ғана
үй беріледі.

Десе де бағдарламаға қатысу үшін кезекке тұру
жеткіліксіз. Оның өзіндік талабы, арнайы шарты бар.
Яғни баспана алушы азаматтың табысы ең төменгі табыс
шегінен аспауы, неснесінің болмауы назарға алынады. Ал
табыс көзі жетпеген жағдайда 2 адамды кепіл ретінде алуға
мүмкіндік береді. Алайда оның да ай сайынғы зейнетақы
түсімі болуы, неснесінің болмауы ескеріледі.

2 БЕТТЕ

ӘСКЕРГЕ БАРҒАНДАР ЖЕҢІЛДІКПЕН ОҚИДЫ

Соңғы жылдары елімізде әскерге
барушылар қатары күрт төмендеп кетті.
Бірі қызметін қимаса, өзгесі қинайды
деп қорқады. Одан бөлек жас кезінен
бірнеше несие алып, банк оның төлем
уақытын шегермегендіктен азаматтық
борышынан қашып жүр. Сондай-ақ
білім мен ақыл маңызды заманда
бірнеше мамандықты игерушілер
қатары да артты. Әскерде жиілен кеткен
сарбаздар өлімі де «комиссариаттан»
бой тасалауға себеп болуда. Дегенмен
қорғаныс министрлігі жастардың әскери
борышын өтеуі үшін түрлі амал жасап
бағуда. Соның бірі – әскерден кейінгі
жоғарғы оқу орнында тегін білім алу.



Өткен аптада қорғаныс министрінің кеңесшісі Айгүл
Төлембаева әскерге шақырылған сарбаздар қызметін
өтеген соң ҰБТ тапсырмай-ақ Қазақстанның жетекші
жоғарғы оқу орындарына түсе алатынын хабарлаған
еді. Әзірге бұл бастаманы тек 30 университет қолдаған.
Алдағы уақытта олардың саны 50-ге дейін жетуі
мүмкін. Қазіргі кезде әскери борышын өтегендердің
қандай мамандықта білім ала алатыны туралы жоба
дайындалуда.

– Еліміздің жоғарғы оқу орындары әскерде ең жақсы
нәтиже көрсеткендерге грант беруге дайын. Әскери
академиялар да оларды емтихансыз қабылдайды. Ірік-
теуді қорғаныс министрлігі, шекаралық қызмет және
Ұлттық ұлан өкілдері жүргізеді. Бұл тізімге ілікпегендер
Ұлттық бірыңғай тестілеуден өтпей-ақ ақылы бөлімге
түсе алады. Қалғандарға осы мүмкіндікті әскери қыз-
метін аяқтаған сәттен бастап екі жыл ішінде пайдалануға
руқсат, – дейді Айгүл Төлембаева.

4 БЕТТЕ

Сапалай айтқан Самалтай



«Әннің де естісі бар, есері бар». Бұл – Абайдың сөзі. Әннің адам жанын жадырататын да,
жабырқататын да жерлері жетерлік. Әсем әннің жанынды емдейтін тылсым сыры бар. Мұны ғалымдар
да айтады. Әндер топтамасын алып қарасаңыз әрқайсысының құрылу тарихы әртүрлі. Оны өңдеп,
көркемдеп, тыңдарманға тарту еткенде тәңті болмайтындар кемде-кем. «Туғанда дүние есігін ашады
өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денен» деген дана Абайдың көрегендігіне тағы бір
мәрте бас несің.

3 БЕТТЕ

Ресми акпаратка сүйенсек, Ұлттық қордың валюталық активтерінің шілдедегі көлемі 53,3 миллиард доллар болса, ал 31 тамыздағы дерек бойынша 53,8 миллиард доллар.

Президент Жолдауында айтқан «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы қалай жүзеге асады? Көп көкейіндегі сауалдың жауабын іздеп, акпараттар легіне көз жүгірттік. Белгілі сарапшылардың бұл мәселе төңірегінде айтқан пікірлері аз емес.

«Егемен Қазақстан» газетінде мұнай-газ саласының сарапшысы Нұрлан Жұмағұловтың пікірі жарияланды. Сарапшының есептеуінше, бағдарлама аясында жыл сайын әр баланың шотына 74 мың теңгеден кем қаражат түспейді. «Ұлттық статистика бюросының дерегінеше, елімізде 0-17 аралығындағы бала саны – 6 млн 300 мың. Шілденің аяғындағы жағдай бойынша Ұлттық қордың активі 29,5 трлн теңгеге құрады. Құрылғаннан бері бүгінгі күнге дейін қордың жылдық орташа кірісі 3,17 пайыз болды. Соңғы 5-10

Халықтың пікірін білген едік. Ол былай дейді:

– Президент осы Жолдауында «Ұлттық қор – балаларға» атты бағдарлама жасап, оны 2024 жылы жүзеге асыруға тапсырма берді. Демек, бір жыл уақыт бар. Бір жыл ішінде оның механизмі жасалады деп үміттенемін. Негізінен идеясы дұрыс. Өйткені ұлттық қор құрылған кезде келешек ұрпақ қоры және дағдарыс кезінде пайдаланамыз деп құрылған. Біз оны көбіне қаржылық дағдарыс кезінде де, жақсы кездерде де пайдаланып жүрміз. Бірақ келешек ұрпақ қоры деген функциясы ескерілмей келді. Президент тапсырмасымен енді осы функциясы іске асатын болады. Менің ойымша, ең маңыздысы азаматтар қорды қадағалай бастайды. Өйткені әр балаға шот ашылып, оған қаражат түсіп жатса, онда ұлттық қордың жай-күйі қоғамдық бақылауда болады деп ойлаймын. Бүгінгі күнге дейін қоғамдық бақылаудан тыс болды, ұлттық қордың мәліметтері көбінесе жасырын болатын, бұл туралы көп есеп

берілмейтін. Ал енді мұның бәрі ашық сипатқа енетін болады деп айтуға негіз бар. Тағы бір атап айтарлығы, 18 жыл ішінде қанша ақша жиналады деген сұрақ айналасында түрлі пікір айтылуда. Бұл уақыт ішінде 3 мың доллардай қаражат жинақталатыны туралы мәлімет те айтылды. Менінше, бұл қаражат аз. Қазір ұлттық қордың инвестициялық кірісі жылына 2-4 пайыз. Осы көлемде есептегенде жылына әр балаға 70 мың теңге көлемінде түсіп тұрады екен. Егер сол түсіп тұрған қаражаттың өзін айналымға салатын болсақ, онда қаражатты еселеп арттыруға болады деп ойлаймын. Сол кезде бала он сегізге толғанда 5,5-6 млн теңгедей қаражат жиналады. Бұл дәл қазіргі күймен айтқандағы жағдай. Ал ұлттық қордың кірісін арттыруға болады. Оның тиімділігін де арттыруға мүмкіндік бар. Жылына 10 пайыз кірістілігін қамтамасыз ете алсақ, ондағы қаражатты еселеп арттыруға болады. Қазір ұлттық қорда 52,5 млрд доллар қаражат болса, 5 млрд доллар жалпы

инвестициялық кірістілігі болады, оның 2,5 млрд долларын 6 миллион 100 мың балаға бөлетін болсақ, шамамен 400 доллардан түседі. Сонда әр балаға жылына 200 мың теңгенін шамасында қаржы түседі. Егер ол қаражаттың өзін инвестициялық түрде еселейтін болсақ, онда әр балаға 15 млн теңгедей қаражат түседі деп айтуға негіз бар. Ол үшін, әрине, жұмыс істеу керек. Біріншіден, ұлттық қордың инвестициялық кірістілігіне жауап беретін мамандардың біліктілігі қатты қаралу керек. Екінші кезекте қоғамдық бақылау болу қажет. Одан кейін зейнетақы қорының қаржысын үш максатта беруге рұқсат бергені сияқты, баланың есепшотындағы ақшаны инвестициялық басқаруға беруге болады. Ата-ананың таңдауымен бала 18 жасқа толғанша ондағы қаражат инвестициялық басқаруға берсе, есепшоттағы қаражаттың көлемі әлдеқайда жоғары болады деп есептеймін, – дейді экономист.

Президент Жолдауында айтқандай, бұл қаржы кез келген уақытта алынбайды. Тағы бір айта кетерлігі, жиналған қаржының мақсаты бар. Жас ұрпақты білім алуына, баспаналы болуына алғашқы инвестиция болатыны көңіл қуантады.

Гүлмира
ДІЛДӘБЕКОВА

18 жасқа толғанда... Ұлттық қор игілігі балаларға арналмақ

жылда жылдық мәнде 1,70-1,67 пайызды құрады. Ұлттық қордың жылдық орташа инвестициялық табысы 935 млрд теңгені құрауы мүмкін. Осылайша, оның 50 пайызын балаларға берген жағдайда әр бала жыл сайын 74241 теңге алады» – дейді сарапшы.

Ал «Капитал» газетінде жарияланған «AERO Beta LP» бас директоры, tengeronika telegram арнасының авторы Ғалымжан Айтқазинның пікіріне сүйенсек, ел экономикасы әлі де жаңартылмайтын шикізат түрлерін сатудан түсетін түсімдерге тәуелді екенін еске салады. Оның айтуынша, мұндай төуекелдер таяудағы бес жыл ішінде ұлттық қорды 3,6 млн доллар кірістен айыруы мүмкін.

Ұлттық экономика министрі Ә.Қуантыров бүгінде бағдарламаны іске қосу тетіктері пысықталып жатқанын айтты. «Президенттің «Ұлттық қор – балаларға» бастамасын жүзеге асыру мақсатында Үкімет Ұлттық банкпен бірлесіп, бағдарламаны іске қосу тетіктерін пысықтап жатыр. 18 жасқа дейінгі барлық балаға жеке жинақтаушы есепшот ашылатын болады. 2024 жылдан бастап жыл сайын балалардың есепшотына Ұлттық қордың инвестициялық табысының жартысы аударыла бастайды, – делі ол. Министрдің айтуынша, инфляциядан қорғану үшін қаражат доллармен сақталатынын жеткізді.

Осы орайда белгілі экономист

Максат



ЖАСТАРДЫ БӨЛУ ҚОҒАМДЫ БӨЛШЕКТЕУГЕ ӘКЕЛМЕЙ МЕ?

NEET санатына «оқуға, еңбектенуге, ізденуге құлықсыз, саяси және азаматтық белсенділігі төмен, жауапкершілікті мойнына алып, белсенді өмір сүруге ниеті жоқ жастардың жалпы жиынтығы» деп түсініктеме берген. Бүгінде мұндай жастардың көбеюі қоғам дамуына кері әсер етеді. Дамушы елдерде осындай санаттағы жастар санын азайтуды көздейді. Сондықтан да Президент NEET жастар статистикасын жылына кем дегенде 1 пайызға азайтуды тапсырды.

Зерттеулерге сүйенсек, жалпы оқумен, жұмыспен қамтылмаған жастардың жеті түрі бар. Бірінші топтағылардың білімі мен тәжірибесі бар, бірақ ынтасы жоқ. Екінші топқа жалғызбасты аналар мен бала күтімінде отырған әйелдер кіреді. Оған қоса ерте жастан ана атанған қыздарды да осы топқа жатқызады. Ал фрилансерлер үшінші топқа, ауыл жастары төртінші топқа жатады. Ауыл жастарының білігі мен тәжірибесі жоқ, сондықтан қара жұмысқа тартылады. Денсаулығына байланысты жұмысқа орналаса алмайтын мүмкіндігі шектеулі жандарды да NEET санатына топтайды. Алтыншы топқа оқуын жалғастыруға ниеті бар, алайда мүмкіндігі жоқ мектеп түлектері мен әлеуметтік жағдайы нашар отбасы жастарын қосады. Ал жетінші топта есірткі мен ішімдікке тәуелді, бұрын түрмеде отырған, бейімдеу мен оңалтудан өтіп жатқан жастар жинақталған.

«Қасіретті қаңтар» оқиғасында бой көрсеткен жандардың басым көпшілігі жастар екені айқын. Міне, дәл осы оқиғаға маргинал жастар қатысты деген пікір қалыптасты. Яғни істейтін жұмысы жоқ, өзімен өзі жүрген жастардың мұн-

Басы 1-бетте

дай оқиғада бой көрсетуіне не себеп? Не оқуы, не жұмысы жоқ жастарды қоғамнан бөлшектеп жүрген жоқпыз ба?

– Жалпы маргиналды жастарды Neet санатындағы жастар дейміз. Яғни олар өздерін қоғамнан алшақ ұстайды. Өзімен өзі жүрген жастардың мұндай оқиғаға қатысуы біріншіден жұмыссыздықтың әсері дер едім. Көп жастар өздері қалаған мамандықты бітіріп, сол мамандық бойынша жұмысқа орналаса алмай жатады. Соның кері әсері қоғамда осы тектес жастардың көбеюіне әкеледі. Осы орайда жастар орталығында «Бос орындар жәрмеңкесін» ұйымдастырып, жұмыссыз жастарды шақырамыз. Шараны ұйымдастырған кезде Жастар денсаулық орталығының психологтарымен бірлесіп психологиялық ойын түрлері немесе тренингтер ұйымдастырамыз. Яғни оларды қоғамнан бөлектемей, бейімдеу жұмыстары жасалады. Әрқайсысымен психолог мамандар сөйлесіп, қоғамдық шараға қатысудың, жұмыс істеудің маңыздылығын түсіндіреміз. Жұмысқа тұруға мүмкіндіктерін қарастырамыз, – дейді облыстық жастар ресурстық орталығының психолог-кеңесшісі Гүлнұр Сәдуақасова.

Байқап отырсақ, қазіргі уақытта жұмыссыздар қатары аз емес. Бір бағытта ғана пікір қозғағанымыз жөн болмас. Мәселен, жастар орталықтары түрлі шаралар ұйымдастырып жатқанын көреміз. Алайда олардың барлығына тек өз саласында көзге көрініп жүргендер қатысатын секілді. Ал жұмыссыз жастармен кім байланыс орнатуда? Жастар орталықтары маргинал жастармен жұмыс істеуге, оларды түрлі іс-шараға қатыстыруға құлықты ма? Осы мәселе тұрғысынан зерттеп көрдік.



Талгат Тілес, облыстық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің директоры:

– Бүгінде облыстық жастар ресурстық орталығы тарапынан жастардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында бірқатар шара тұрақты ұйымдастырылуда. Атап айтар болсақ, мәдениет-спорттық, танымдық, ғылыми түрлі бағытта өткізіліп келеді.

Үздіксіз іске асырылған жобаларды бағамдау барысында жаңа идея туындап, NEET санатындағы жастарды қоғамға бейімдеу, әлеуметтендіру мақсатында «Тәлімгерлік» жобасы жүзеге асуда. Басты мақсат – сандық көрсеткішке емес, сапаға қол жеткізу.

Жастарымызды толқандыратын мәселелер баршамызға айқын. Проблемалар нақтыланған, шешуге мүмкіндік бар. Тәлімгерлердің тынымды жұмыстарының арқасында 110 жас уақытша жұмыспен қамтылды.

Барлық деңгейдегі жастар ресурстық орталықтарының бастамасымен ұйымдастырылған үй-үйлерді аралау барысында жастардың әлеуметтік санаттары анықталып, бетпе-бет

акпарат алмасу процесіне арнайы әзірленген сауалнама бойынша ерікті түрде 87100 жас қамтылды. Мемлекеттік мекемелердің ұсыңған (тоқсандық) 11406 жастың тізімі жинақталды.

Сондай-ақ 2 жастың орта арнаулы оқу орындарына оқуға түсуіне ықпал еттік. Мүмкіндігі шектеулі 2 жастың мемлекет тарапынан бөлінген қайтарымсыз грантты жеңіп алуға алғашқы қадамдар жасалды.



Әліби Басаров, «Qosyl'» жастар орталығының директоры:

– Адамдарға көмек көрсету үшін бай болу міндетті емес, қайырымды болу жеткілікті. Бұл – Қызылорда қаласы жастарының басты ұстанымы. Бойында қайрат пен жігері бар жастық шақта өмір өркендеуіне үлес қосуды мақсат еткен жастардың арнасы бүгінде бір арнаға тоғысқан. QOSYL жастар ресурстық орталығында олар өз идеяларын жүзеге асырады. Біздің орталықта кез келген жасқа әрқес қолдау зор. Жұмыссыз жастар түрлі мәселе бойынша кеңес сұрап келеді. Біз әрдайым қолұшын беруге дайынбыз. Сонымен қатар осы максатта үнемі жұмыс атқарылуда. Яғни

мұндай санаттағы жастар қоғамнан тыс қалған емес. Керісінше, оларды қоғамға бейімдеу мақсатында түрлі шараларға шақырамыз.

Қызылорда қаласында 68705 жас болса, оның ішінде қазіргі таңда NEET санатында 1896 жас бар. Аталған жастарды әлеуметтендіру мен жұмысқа орналастыру мақсатында жұмыспен қамту орталығымен бірлесіп ақпан айында А.Токмағамбетов атындағы мәдениет үйінде бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі өткізілді. Жәрмеңкеге 500-ден аса бос жұмыс орындары ұсынылып, жұмыссыз NEET санатындағы 200 жасты осы шара арқылы жұмыспен қамту жұмыстары жүргізілді.

Жыл басынан бері облыстық жастар ресурстық орталығының бастамасымен Тасбөгет кенті мен Титов елді мекендерінде «Мүмкіндіктер алаңы» шаралары мен жұмыспен қамту орталығымен бірлесіп 2 мәрте бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі өткізілді. Қазіргі кезде жұмыспен қамту орталығы арқылы жұмыссыздар тізіміне тіркелген жастар саны – 1836.

Қызылорда қалалық жастар ресурстық орталығы қала көлеміндегі бос жұмыс орындарының тізбесін әлеуметтік желілер «Jumys.Bar» ақкаунты арқылы акпараттық жұмыстар жүргізуде. Мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды

жоспарлануда. Конкурса қатысу аталған банк арқылы жүргізілуде, – дейді бөлім басшысы.

Осы орайда сала басшысы қазіргі таңда арендалық тұрғынжайдың жалдау ақысын субсидиялау бағдарламасы іске асқанын жеткізді. Бағдарлама шартына сәйкес І және ІІ топтағы мүгедектер, мүмкіндігі шектеулі балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған, көпбалалы отбасылар, жетім және ата-ана қамқорлығынан айырылған балалар қатыса алады. Оларға қойылатын басты талап соңғы алты айдағы



орташа жиынтық табысы отбасының әрбір адамына бөлгенде ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспауы қажет. Яғни күнкөріс мөлшері 36018 теңгемен шектеледі. Ал жалдамалы пәтерді азаматтар өздері іздеуі тиіс, жалдау құнының тең жартысын мемлекет субсидияласа, жартысын жалдаушы тұрғын өзі төлейді. Ол үшін «Отбасы банк» АҚ арқылы келісім-шартқа отырып, банк келісім шарт мерзімі аяқталғанша үй сайын ауларым жасайды. Сондай-ақ жалдамалы тұрғын үйді өзгерткен жағдайда келісім шарттың күшін мерзімінен бұрын жоюға, жаңа үй иесімен қайта келісім жасауға рұқсат етіледі. Қазірдің өзінде бұл бағдарламаға сәйкес келетін 5 мыңнан аса азаматтың тізімі белгіленген. Олардың мыңнан астамы өтініш беріп, 441-нің өтініші мақұлданған.

Баспана мұқтаждығы – көптеген тұрғынның бас ауруы. Десе де «Нұрлы жер» бағдарламасы арқылы белгілі санатқа жататын отбасылардың үйлі болуына мүмкіндік берілген. Ал мүмкіндікті тиімді пайдалана білгендер өз үйінің қожайыны болуда.

Басы 1-бетте

Айдана СЕЙІЛ

Түйін. Жастар болашақтың жарқын айнасы іспеттес. Елімізде жастардың әлеуетін көтеруге, бастамаларын дамытуға және жаңа бағыттарға жол сілтеуге арналған бағдарламалар көп. Тек мұндай мүмкіндіктерден біз айтып отырған санаттағы жастар қалып қоймаса болғаны. Жастар мәселесіне келгенде, NEET санатындағы жастарды қоғамға бейімдеуді басты назарға алу керектігін ұмытпағанымыз абзал.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Әлқисса...

«Самалтау» әнін тындап көрдіңіз бе? Сөздік құрылымы, ұйқас шымырлығы еріксіз таңдай қақтырады. Әннің тарихы сонау замандардағы көшпелі кезеңге орайластырылып шығарылған. «Самалтау» әнінің шығу тарихы қай өңірге байланысты? Қай замандарда шығарылған? Алғаш кімнің орындауында айтылды?

«Ана тілі» газетінің өткен жылғы санында «Самалтау» кімнің әні?» – деген тақырыпта Сәулембай Әбсадықұлының мақаласы жарық көрді. Сол мақалада Қаратаудың соңғы сілемі «Самалтау» аталатыны айтылады. Жакында Көкшетау қаласындағы бұрынғы Зеренді ауылының аты «Самалтау» деп өзгертілді. Бұл қай Самалтау? Ал Батыс Қазақстан жақта Ақтау мен қатар Қаратау деген тау бар деп айтылады. Әннің шығу тарихы сол тауға орайластырылып «Самалтау» деп шығарылған емес пе? Осы мақсатта жазылған деректерді зерделеп, ғалымдар пікірін сұрап білдік.

Алдымен «Ана тілі» газетінде жарияланған Сәулембай Әбсадықұлының мақаласына назар аударайық.

«Сендердің Қаратау деп жүргендерің Самалтау»

«Шу қағанның есімімен аталатын өзен Мойын қағанның жал-жал құмдарының солтүстігін ала ағып, су аяғы құрдымға кетеді. Өзеннің солтүстігін Бетпақдала әрі қарай Арка деп атайды жұрт. Есте жоқ ескі заманда әкसेлеулі далаға айналған кең дала теңіздің түбі болыпты дейді ғалымдар. Жер кіндігі саналатын Ұлытау, Іргетау оңтүстікке қарай созылып Қаратаудың соңғы сілемі Қызылорда облысындағы Шиелі ауданындағы Дәуітқожа тауымен жалғасып жатады екен. Қарағанды өңіріндегі Жаңаарқа ауданындағы Сарысу және Атасу өзендері жарыса ағып Шу өзеніне келіп қосылып, осы күнгі Қызылорда өңірін басып өтіп, Аралға құйыпты. Туу ғарыштан қарағанда арналардың сілемдері әлі күнге дейін көрінеді екен. Кеңес өкіметі орнар тұста Сарысу мен Атасу бойын кіші жүз тайпалары мекендеген. Жері құйқалы, табиғаты көркем, суы бал, шөбі шүйгін, шалғынды өлкеде Жеті-қоңыр деген жер бар. Жаңаарқа ауданына қарасты Қаражал қаласына қарайтын Жйрам поселкесінде тұратын Сүлейменұлы Жақсыбай көкем Жетіқоңырды жіктеп береді. Өсімдігіне қарай, жер бедеріне қарай аталады бәрі. Жиделі, Тобылғылы, Қызыл жаңғыл, Байғана, Қотыр шенгел, Атансор, Керуен деп келеді. Мұңлы мен Қулы деген атауларының өзі неге тұрады.

Жақсыбай көкемді тыңдасам, адам нанғыс-сыз аңыздар айтады: Сендердің Қаратау деп атап жүргендерің Самалтау, – дейді ол кісі.

– Сайын далада самал жел соғып тұрғандықтан, біздің елдің жұрты Қаратаудың соңғы сілемін «Самалтау» деп атаған. Жаңағы жазиралы, көкмайсалы, қараса жұрттың көзі тоятын Сарыарқа жері әу бастан сал-серілердің мекені. Жеті болыстың ұл-қыздары да шетінен өнерлі еді. Бұл өңірден ұлы қобызшы Ықылас Дүкенұлы, шертпе күйдің шебері Сүгір Әліұлы, ғажайып әнші Сапалай Исатайұлы шыққан. Еті тірілері ерте бастан Сібір асып, орысша оқыды. Содан ба, бұл төңіректің жігіттері өнер, білімге құмар болды. Сапалай да жастайынан өнерлі болып өсті. Той-томалақта домбырамен әуелете ән салып, елдің аузына ілікті. Сымбатты болып өсті. Сапалайдың бабалары Бектұрсын, Байбосындар болыс, би болып елге әмірін жүргізген жандар еді. Осы күнге дейін Сарысу өзенінің бойындағы Ақбастау деген жерде Байбосынның тұзы, Байбосынның бұлағы деген жерлер бар. Байбосынның ұлы Исатай би, алдына едәуір мал біткен шаруа кісі еді. Жалпы қазақ даласының, оның ішінде жеті болыстың бейжай өмірін, сән-салтанатын Бірінші дүниежүзілік соғыстың ошағына айналған Ресей патшасының 1916 жылғы 16 маусымдағы жарлығы бұзды. Онда қазақ балаларын оқоп қазуға, әскер қатарына алуға шешім қабылданған еді. Патша агзамның қазақтарды әскерге алмаймыз деген уәдесін бұзғанына қазақтың намысы келді. «Әскерге бармаймыз» деп Торғай өңірінің жігіттері атқа мініп, орыс әскерлерінің бекіністеріне шабуыл жасады. Қанды қырғыннан қорыққан ел балаларын амал жоқтығынан әскерге жіберді. Солардың бірі – Сапалай еді. Олар қатарластарымен ең әуелі Ресейдің Омбы деген қаласының манайына барады. Сол жатқан әскер жасақталып, батысқа соғысқа аттанайын деп тұрғандарында 1917 жылы Ақпан төңкерісі басталып, Сапалайлар еліне қайтады. Сапалайдың өзін көрмесем де көз көргендерін көріп, әлгі әнді естіп өстім. Жақсыбай аға дауысының қырылдағанына қарамастан «Самалтауды» жайлап орындап берді», – деп жазылған мақалада.

Халық әніне айналып кеткен Сапалайдың «Самалтауын» көкпар етудің қажеті жоқ. Өні де, сөзі де сол кісінікі. Ал таудың атына келетін болсақ, Арка өңірінде ондай тау кездеспейді. Соған қарағанда, Сапалай Сарыарқаның сайын даласын, самал желін сағынып, содан образ жасаған ба деймін. Ақынның да, әншінің де сезімге берілетіні ақиқат дүние, – деді Лия ағамыз...»

Басы 1-бетте



Сурет «Ана тілі» газетіндегі «Самалтау кімнің әні?» мақаласынан алынды (2021 жылғы 11 наурыз)

Сапалай айтқан Самалтау

Димаш орындаған «Самалтау» кімнің әні?

Журналист Серікбол Хасан «Димаш орындаған «Самалтау» кімнің әні?» деген мақаласында («Жас Алаш» 2021 жыл 28 қаңтар, №8) былай жазады.

«Самалтау» әнін 1918-1919 жылдардағы Колчак бүлігі кезінде Анненковтың азап вагонында бір кездері Сапалайдан үйренген Бөкен Серікбаевтың әуелете айтатынын Жақсыбай аға айта отырып, оған риза болған Сәкен Сейфуллин мен Байсейіт Әділов қалжындап, «Бөкеннің зары» дейді екен. Сапалай Исатайұлы әнші ғана емес, билікке де араласқан азамат. Тіпті бір деректе Сарысу болысы құрылғанда болыстық атқару комитетінің орынбасары болған деген де әңгіме бар. Атамекенінен ажырай, анырай көшкен қандастарының қырғынын көрген Исатайдың Сапалайы Кеңес өкіметін өлердей жек көрген. Халқы үшін әділетсіздікке төзбей айқасқан есіл азамат Исатайұлы Сапалай аудан орталығы Кентаралда қолға түсіп: «Кеңес өкіметіне қарсы шыққан жау» ретінде сотсыз, тергеусіз атылып кетті. Бір аңызда Сапалайды итжеккенге айдапты деп айтылады. Біз құрастырған «Талас – Сарысу» деп аталатын жинақта оны 1901 жылы туып, 1930 жылы 25 мамырда ату жазасына кесілген дейді. Бірақ өз әнінде айтылғандай, Сапалай 1916 жылы 2 мүшел жасқа толғаны анық сияқты. Оған «Самалтау» әніндегі «Жасым бар екі мүшел, жылым – сиыр» деген сөзі айғақ.

Ендеше, әннің сөзіне назар салып көрейік:

Самалтау, қайран елім, шалқар көлім,
Не болар, солдат болып, айнам,
көрген күнім-ай.

Есіме қайта-қайта түсе бердің,
Кір жуып, кіндік кескен айнам,
туған жерім-ай.

Қайырмасы

Атты емеспіз, жаяумыз,
Жаяудан да баяумыз.
Он бес тәулік жүргенде,
Омбы жаққа-ей тауғамыз.


Жасым бар, қос мүшелдей
жылым – сиыр,
Тағдырдың айдауымен, айнам,
кеттім қиыр-ай.
Самалтау, қайран елім, артта қалдың,
Адасқан өрісінен, айнам,
біздің үйір-ай.

Қайырмасы

Әке-шешем бар еді,
Жасы келген көрі еді.
Осынау әнге салдырған
Он алтының-ей зары еді!

Айдын-шалқар көлім-ай,
Сауықшыл, сайран елім-ай.
Көремін бе тірі өзінді,
Самалы ескен жерім-ай.

Ән мәтінін оқи отырып, сол заманғы сұрапыл кезеңнің көрінісін көруге болады. Азаматтың туған елін, жерін сағынып, шығарған сезімге толы лирикалық әуезді әні бұл. Жас жігіт жан толқынысынан туған туынды арқылы туған жерінің қадір қасиетін сезініп, қайта келуді аңсайды.



Жұрт көңілін күпті етіп, жорғасынан жаңылдырған осы түйткіл

Осы орайда, фольклортанушы ғалым, эпик жырыш Берік Жүсіповтің пікірін білген болатынбыз.

– Ән мәтіні белгілі, айтушы «солдат болып» еріксіз жаяу айдалып бара жатқанын жеткізеді. Ән өнеріне байланысты қандай мәселенің болсын тізгіні музыкатанушы мамандардың қолында болуы керек екенін бүгінде біраз адам ұмыта бастаған. Әлеуметтік желіні ашып қалсаң да, теледидардың тетігін қосып қалсаң да, «алыстан сермеп, қиядан тербеп» жатқан өңшең бір дилетанттардан аяқ алып жүре алмайсың. Ол әрекеттің ақыры қайда, неге аярып соғарымен әзірге ешкімнің шаруасы шамалы болып тұр. Міне, әркім өз кулшесіне қарай шок тартудың зардапты салдары.

Біріншіден, бүгінгі өнертану ғылымы жерлеп бара жатқан бөкене бойлы саланың біріне айналып тұр. Оның міңәйі себептерін айтып өту үшін де бір арба жан керек. Өңірлік ерекшеліктерден шығатын этникалық сипатты қатаң сақтай отырып, ән әуездері, олардың көпнұсқалы мәтіндерін салыстырып, саластыра зерттейтін сауатты ғылым жүйесін айтағанда, бізде ғылыми мекемелер жүйелеуге тиіс ең қарапайым жинау жұмысының өзі (компиляция) жеріне жеткізілген жоқ. Бүгінде аталған саланы зерттеген мамандар басын бағып, күнкөріс қамын күйттеп кетті.

Озық ойлы оқымыстыларына қоңыз тергізіп жіберген шебер жүйеге не дерсіз. Сондықтан да бұл салада «балапан басына, тұрымтай тұсына» деген дәуір шеру тартып келеді. «Ай дейтін Ажасы, қой дейтін Қожасы» жоқ қоғамда ешкімге өкпелей алмайтыныңыздың себебі сол.

Екіншіден, өнертану ғылымының бастауында тұрған мамандар осы салаға қатысты жасаған іргелі зерттеу материалдарын әуелде халық арасындағы дерек беруші, сөзінің жалғаны жоқ қариялардың аузынан жинады. Бұл рухани мұрасы ауыз әдебиеті үлгісінде қалыптасып, дамыған халықтардың бәрінде тегіс осы жүйе негізінде іске асырылды. Қарағанды өңірінде сөз дерегін мүдделерге тарта сөйлеуді білмейтін Жақсыбай есімді қария тұрады. Осыдан бірнеше жыл бұрын Жақанмен жүздесіп, «Самалтау» әнінің тарихы мен оның иесі жайында талай сырға қанығып, естігенімізді дыбыс таспасына жазып алған едік. Арқаның жоны мен Бетпақтың белін тең жайлаған қалың Арғын мен Алшын жұрты жасаған көл-көсір рухани қазынаның ақиқаты керек болса, сол көнекөздің сөзіне жүгінсе де, бүгінде әлеуметтік желіні жайлап алған көбігі көп пікірлерді ірқуте жарар еді. Әй, бірақ, біздің қазақтың жөн сөзге құлақ асудан алыстап кеткені қашпан.

Үшіншіден, біз 1916 жылғы Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілісінің зарын шерткен осы қасіретті қоңыр әнді Сапалай Исатайұлына еншілеуден неге сонша үрке береміз? Сонда біздің көңілімізді көншітпей тұрғаны Сапалайдың биографиясы ма, әлде географиясы ма? Мұндай тұрпайы бөліністі кейінгі, көзі тірілерге қолдана

елі» еді ғой. Міне, мәтінтанудан кеткен елеусіз ғана қателік, бұл күнде елдің аузындағы елеулі мәселеге ұласып отыр. Иә, оның алғашқы орындаушысы Бекболат Тілеухан, әнді әлемге әйгілі еткен Димаш Құдайбергелі. Бірақ кілттипан онда емес, мүлдем басқада. Жалпы, Сапалайдан қалған «Самалтау» (шартты атау), «Мұхида-Шайбан», «Екі айна», «Сәулем-ай» сияқты әндердің айтылып, зерттеушілер тарапынан хатқа түсірілген жері Арқа-Сарысу аймақтары. Сол үшін де әнге және оның тарихына қатысты барлық ақиқатты осы өңірлерден іздеу шарт.

Бесіншіден, «Халық әні» дегеніміз ілкі шығарушысы ұмытылуды себепті ортақ атауға біріктіріліп, амалсыздан ойлап табылған шартты ұғым. Оған қоса, «Самалтауға» сауатты мәтінтанымдық зерттеу жүргізілуі шарт. Сонда елдің құлағын түріп, бітпес дауға ұласқан бұл далабаға мәңгілік нүкте қойылады. Мысалы, «Самалтау» мен «Мұхида-Шайбан» бір кісінің қолынан шыққан ән екенін дәлелдеу үшін асқан білім мен көп ақылдың қажеті шамалы. Екі қазақтың бірі ыңылдаса жетіп жатыр, көздің ағы мен қарасындай қос қоңыр ән сізді Сапалайдың сүрлеуіне жетектеп ала жөнеледі.

Алтыншыдан, бұл әннен Сапалай ғұмыр-баянына негізделген жеке бастың уақиғасын емес, 1916 жылғы дүрбелеңнің тарихи аясын

«Самалтау» әнін 1918-1919 жылдардағы Колчак бүлігі кезінде Анненковтың азап вагонында бір кездері Сапалайдан үйренген Бөкен Серікбаевтың әуелете айтатынын Жақсыбай аға айта отырып, оған риза болған Сәкен Сейфуллин мен Байсейіт Әділов қалжындап, «Бөкеннің зары» дейді екен. Сапалай Исатайұлы әнші ғана емес, билікке де араласқан азамат. Тіпті бір деректе Сарысу болысы құрылғанда болыстық атқару комитетінің орынбасары болған деген де әңгіме бар. Атамекенінен ажырай, анырай көшкен қандастарының қырғынын көрген Исатайдың Сапалайы Кеңес өкіметін өлердей жек көрген. Халқы үшін әділетсіздікке төзбей айқасқан есіл азамат Исатайұлы Сапалай аудан орталығы Кентаралда қолға түсіп: «Кеңес өкіметіне қарсы шыққан жау» ретінде сотсыз, тергеусіз атылып кетті. Бір аңызда Сапалайды итжеккенге айдапты деп айтылады. Біз құрастырған «Талас – Сарысу» деп аталатын жинақта оны 1901 жылы туып, 1930 жылы 25 мамырда ату жазасына кесілген дейді. Бірақ өз әнінде айтылғандай, Сапалай 1916 жылы 2 мүшел жасқа толғаны анық сияқты. Оған «Самал тау» әніндегі «Жасым бар екі мүшел, жылым – сиыр» деген сөзі айғақ.

Сурет ашық дереккөзден алынды

берсе де шығатын мүйіз қарағайдай бола бермей ме? Әулиеата жерінің көне тарихын бір кісідей білген халық батыры Бауыржан Момышұлының «Анаштын әңгімесі» деген шығармасында оның әкесі Исатай таманың белгілі биі, өзі орысша сауатты, замана көшіне ерте ілескен, көзі ашық жанның қатарында дәріптелетін Сапалайға келгенде осыншама тартылуымыздың, әнді Шығыс Қазақстанның пентатоникалық әуендеріне қарай алып қашып, «Самалтау» деген жұмыр жердің бетіндегі жоқ атауды іздеп, сандал күйге түсе беруіміздің түпкі сыры неде? Әрине, Сапалай жайында қағазға түскен дерек көп емес. Десе де, П.Дүйсебин құрастырған «Үркердей болып көшкен жұрт» атты тарихи, танымдық, деректі кітапқа енген Абылай Шулаңбаевтың мақаласындағы «...Сапалай кереметтей әнші, домбырашы... Оның әншілік шеберлігіне С.Сейфуллин де ерекше тәнті болған. Ал әні М.Өуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасында Еңліктің әні ретінде пайдаланылған» деген деректің өзі көзі ашық адамға көп жайттан хабар беріп тұрған жоқ па? Талас ауданының 85 жылдық тарихына арналған «Талас – Сарысу» тарихи, танымдық, әдеби анықтамалықтың мәліметі бойынша, «...атақты әнші, сазгер 1930 жылы 25 мамырда ату жазасына кесіліпті». Е, жалған дүние-ай десеңші, ату жазасына іліккен арыстардың рухани қазынасына да күмән мен күдік араластырып, артында қалған екі-үш әнін күлбіттеге салатын күнге жеткізетінін Сапалай сияқты боздақтар, сірә, білді ме екен? Әй, қайдам, білмеген шығар-ау. Қазақтың даңқын әлемге паш еткен аталған ән иесінің қасіретті тағдырын әдейі білгіміз келмей, олай-бұлай сөз қашыртып жүргендерден не үміт, ұлт үшін қандай қайыр?..

Төртіншіден, кейінгі орындаушы-айтушылар тарапынан әнге желімдей жабысқан, әуелде бас еріппен жазылуға тиіс емес «самал тау» – жер атауы емес, әндегі типтендірілген бейненің «самал таулы, шалқар көлді қайран

(фонын) іздеу керек. Мәтінге зер салған адам үшінші жақтан, яғни ән кейіпкерінің атынан айтылған өскен ел, туған жерге деген сағынышты сезінеді. Және бұл әннің бірнеше мәтін нұсқаларынан біздің малданып жүргеніміз, кейінгі құбылудың (интерпретация) жемісі болуы бек мүмкін. Сөз жоқ, кейінгі нұсқа елеулі өзгерістерге түсіп, персонификацияланған. Осыдан келіп, түрлі орындаушылық ерекшеліктерге орай, әнде тұрақты және тұрақсыз формулдар тізбегі түзілген. Мысалы, көпшілікке белгілі «Самал тау, қайран елім, шалқар көлім, / Не болар солдат болып көрген күнім? / Есіме қайта-қайта түсе бердің, / Кір жуып, кіндік кескен қайран жерім» (Сапалай). «Самал тау» деген көпшілікке белгілі мәтінді «Сарыарқа, қаламысың өскен жерім, / Кір жуып, кіндігімді кескен жерім. / Бұрынғы қан төгісіп атам қонған, / Жеті жұрт бізден бұрын көшкен жерім» (Төлеу ақын). «Сарыарқаның сарының» деген 1940 жылы жарық көрген мәтінмен, сондай-ақ Б.Момышұлының әңгімесінде ұшырасатын, Шу өңіріне тараған «Сарыарқа, ауаң салқын, көлің айдын...» деп басталатын, авторы аталмайтын ән мәтінімен салыстырса, көпшіліктің көзі мен көңілі көп жайтқа жете түсері анық. Ал әннің қайырмасында жағдайынан хабар-ошар берлетін кейіпкердің «Аттылы емес, жаяу екені... жүрісі жаяудан да баяу екені... он бес күндегі жол жүргенде Омбы жаққа таяу екені» лирикалық кейіпкердің және орындаушының көңіл-күйіне қарай өзгеріске түсе беретін, алайда уақыт, мәзіл, мекеннің өлшемі бола алмайтын деталь. Бұл жердегі негізгі түйін: мәтінде айтылатын әуелгі жер атауы Сарыарқа, «Самалтау» емес. Жұрттың көңілін күпті етіп, жорғасынан жаңылдырып жүрген де осы түйткіл. Мәтін атаулының айнымалы, көпнұсқалы болуы халықтың ауыз әдебиетіне тән заңдылық. Ал ән иесі Сапалайдың өз дәуірінен оң оздырған әнші-сазгер болғанына айғақ көп, – дейді Берік Жүсіпов бізбен әңгімесінде.

Р.С. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні әрбір ән негізгі бір оқиғаға орайластырылып шығарлады.

Құлақтан кіріп, бойды алар,

Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең менше сүй, – деп Абай айтқан сөздің астарында аласармас ақиқат жатыр. Ән жайлы әңгімемізді осы жерден түйінделдік. Өзінше ой тую оқырманның енішінде.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

